

№ 5 ХАТТАМАСЫ

Қатысқаны –

Күні: 26.12.2022

Комиссия төрағасы, мектеп-лицей директоры – Б.С.Тумурзаев

Бракераждық комиссиясының мүшелері:

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Г.Ибрашева

Қамқоршылық кеңес төрағасы: М.Аралбаев

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Ғ.Илькибаев

Ата-аналар комитеті төрағасы: О.Жұмашұлы

Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: У.Маденова

Мектеп әлеуметтік педагогы: М.Абдуллаева

Мектеп медбикесі: З.Абасилова

Күн тәртібінде:

1. Асхана қызметкерлерінің еңбек жағдайы және жеке гигиена қағидаларының сақталуы.
2. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76 бұйрығында көрсетілген тиым салынған тағам түрлерінің қолданбауы. Ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдыруын қадағалау.

Тыңдалды:

Бірінші кезеңде медбике Абасилова Зухра асханада 3 аспазшы және 5 ыдыс жуушы қызмет атқаратынын айтты. Асхана қызметкерлерінің еңбек жағдайын және жеке гигиена қағидаларын сақталуына жағдай жасалған, қызметкерлердің киімдеріне арналған орын қарастырылған, екі шкаф орнатылған, бір шкаф сыртқы киімдеріне арналған, екінші шкафта арнайы киімдері орналасқан. Арнайы киімдері қызметкерлерге жеткілікті, жұмыс басталу алдында жұмыс киімдерін киіп, шаштарын ормалдың астына жинайды, зергерлік бұйымдар, сағаттар пайдаланбайды, тырнақтары қысқа қыйылған және лакпен боялмаған. Қол жуу үшін ыстық және салқын су өткізілген қол жуатын раковина және құрғатуға арналған электркептіргіш орнатылған. Жуу құралдары жеткілікті, қолды өңдеуге антисептигі бар дозатор орнатылған. Жеке бас гигиенасы ережелерін сақтамау көбінесе тамақтан улану жағдайларының көп болуына себеп болады. Сондықтан асхана қызметкерлердің санитарлық нормаларды сақтауын және тағам дайындау процесіне жауапты болуын қамтамасыз ету үшін тұрақты бақылау орнатылған.







Екінші кезеңде бас аспазш Тажибаева Салтанат сөз алды. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76 бұйрығында көрсетілген тиым салынған тағам түрлерінің дайындауға және пайдалануға болмайтындығы туралы мектеп директорының бұйрығы бар екені айтып өтті. Бұйрыққа сәйкес мектеп-лицейде тиым салынған тағам түрлерін пайдалануға жол берілмейді.

Күн сайын аспазшылар ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамасын қалдырып отыратындығын айтты. Сынамаларды қақпағы бар таза шыны ыдысқа іріктейді. Іріктелген тәуліктік сынамалар кемінде 48 сағат арнайы тоңазыту жабдығында немесе +2С

-+6С температурада дайын тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығының арнайы бөлінген орнында сақталады, 48 сағат өткеннен кейін тәуліктікі сынама тамақ қалдықтарына тасталады.

Шешім етті:

1. Асхана қызметкерлерінің еңбек жағдайы және жеке гигиена қағидаларын сақтау күнделікті бақылауға алынсын.
 2. «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР ДСМ 2021 жылғы 5 тамыздағы №ҚР ДСМ - 76 бұйрығында көрсетілген тиым салынған тағам түрлерін қолданбау қатаң бақылауға алынсын.
- Ас мәзіріне сәйкес дайын өнімнің тәуліктік сынамалары мерзімінде алынып отырылсын.

- | | | |
|--|--|----------------|
| 1. Мектеп-лицей директоры: |  | Б.С.Тумурзаев |
| 2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | Г.Ибрашева |
| 3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: |  | С.Абдигапбаров |
| 4. Қамқоршылық кеңестің төрағасы: |  | М.Аралбаев |
| 5. Қамқоршылық кеңестің мүшесі: |  | Ғ.Илькибаев |
| 6. Бастауыш сыныптар бойынша оқу-ісі жөніндегі орынбасары: |  | У.Маденова |
| 7. Ата-ана комитетінің төрағасы: |  | О.Жұмашұлы |
| 8. Әлеуметтік педагог: |  | М.Абдуллаева |
| 9. Мектеп медбикесі: |  | З.Абасилова |